

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу
туралы хабарлама**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Осымен "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат мекенжайы бойынша орналасқан өзінің атқарушы органы – Биржа Басқармасы акционерлеріне мыналар туралы хабарлайды.

2024 жылдың 17 маусымында Биржаның Директорлар кеңесі Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) шақыру туралы шешім (№ 18 отырыс хаттамасы) қабылдады.

2024 жылдың 5 шілдесінде Биржаның Директорлар кеңесі (2024 жылдың 5 шілдедегі № 21 отырыс хаттамасы) жоғарыда көрсетілген шешімнің күшін жойды және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 37 бабы 2 тармағының 1) тармақшасы негізінде **2024 жылдың 6 тамызында сағат 10.00-ге** акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы жаңа шешім шығарды.

Акционерлердің жалпы жиналысы **2024 жылдың 6 тамызында сағат 10.00-де** (Астана қаласының уақыты бойынша) мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу **2024 жылдың 6 тамызында** сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жиналыс өткізілетін жерде жүзеге асырылады.

Кворум болмаған жағдайда Биржа акционерлерінің қайталама жалпы жиналысы 2024 жылдың 07 тамызында сағат 10.00-ден бастап (Астана қаласының уақыты бойынша) сол мекенжайда өткізіледі. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2024 жылдың 7 тамызында сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін жерде жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі 2024 жылдың 5 тамызындағы сағат 00.00-дегі (Астана қаласының уақыты бойынша) жағдай бойынша жасалады.

**Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жалпы
жиналысының күн тәртібі**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акцияларын сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы.

Заңның 43 бабы 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе жиынтығында басқа акционерлер иеленетін акционер немесе қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей осындай толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда директорлар кеңесі толықтыра алады.

Заңның 44 бабының 4 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Биржаның Басқармасы орналасқан жерде, сондай-ақ Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында <https://kase.kz/ru/vosa-2024/> сілтемесі бойынша акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей акционерлердің танысуы үшін дайын және қолжетімді болады.

Биржаның акционерінің сұрау салуы болған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты қосымша ақпаратпен мына телефон арқылы танысуға болады: +7 (727) 237 53 43.

Осымен Биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің мынадай тәртібімен танысуды ұсынамыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету немесе оның мүдделерін білдіру құқығын растайтын құжатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлайды, дауыс беру нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) анықтайды.

Заңның 50 бабының 1 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру жағдайларын қоспағанда, "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

Заңның 52 бабының 1 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалады және оған қол қойылады.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Заңның 35-37, 39-45, 47-48, 50-52 баптарына және Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (2015 жылдың 15 мамырындағы № 26 хаттама) бекітілген Биржа Жарғысының 15 бабына сәйкес өткізіледі.

Биржа акционерлерін Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.